

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

## **Бейәдеп сөз болмысымыздың көрінісі ме?**

Кино деген кірпияз сала бар. Талғам мен танымның үздіксіз жарысы. Әр үлттың тұсірген киносына қарап, оның ішкі рухани, мәдени һәм идеологиялық әлеуетінің қандай екендігін бағамдай беруге болатын шығар. Өйткені экранды мемлекеттік идеологияның қаруы ретінде қолдану – үздіксіз жүріп келе жатқан үдеріс. Мәселен, басқасын айтпағанның өзінде, жыл сайын Оскар сыйлығына ұсынылатын америкалық фильмдерді алайық. Мұқият назар аударсаңыз, олардың астарынан міндettі түрде сол елдің жүргізіп отырған саясатының белгілерін көруге болады. Бұл тек Америка фильмдеріне ғана емес, барлық алпауыт елдердің киносына тән құбылыс. Соңдықтан «Кино – үлттың айнасы» деп жиі толғанып, торығатынымыз бекерден бекер болмаса керек.

«Торығу» сөзін қисынсыз қолданып отырған жоқпыз. Себебі бүгінгі кино кеңістігіндегі өнер тілінде жүріп жатқан өрескел өресіздіктер еріксіз осындай ойға жетелейтіні рас. Иә, қазақ киносында қордаланған мәселе көп. Соның негізгісі һәм өзектісі – тіл мәселесі. Қарап отырып қарның ашады, тыңдап отырып төзімің түгесіледі. Тіпті отбасыңмен бірге отырып кино көру мүмкін болмай бара жатыр.

Сенбесеніз, кинотеатрга барып кез келген отандық фильмнің көрсетіліміне билет алыңызшы. Жалпыхалықтың деңгейде прокатқа шыққан фильмдердің титрындағы өріп жүрген грамматикалық қателерді есепке алмағанда, кейіпкерлер диалогінде дұбаралық пен құлақ тұндырар бейәдеп сөзден-ақ шаршап шығасыз. Ондайда ойға белгілі британдық һәм американлық кинорежиссер, сценарист, продюсер Альфред Хичкоктың «Ұлы фильм жасау үшін үш нәрсе керек: сценарий, сценарий және тағы да сценарий» деген әйгілі сөзі орала берді.

Ал бүгінгі киногерлеріміз не дейді? Кейіпкерлерінің қазақша-орысшаны араластыра сөйлеген дұбара тілі мен боғауыз сөзсіз құлдіре немесе ойын жеткізе алмайтын деңгейін «өмірге жақыннатқымыз, шынайы фильм тұсіргіміз келді, қоғамда бар жағдайлар ғой» деп түсіндіруге тырысады. Ол шынымен солай ма? Әлбетте жоқ! Шын мәніндегі, талантты адам ешқандай боктық сөзсіз-ақ көрерменін баурап алатын фильм немесе сериал тұсіре алса керек. Өкініштің сол, киногерлер өзінің шығармашылық әлсіздігі мен қиял жұпнынылығын жұлмалап әкеліп қоғамға, заманға жамай беретіндігі.

Десе де бұл көз жұма қарайтын, мән бермей өтіп кететін мәселе емес. Себебі тілде тұтас үлттың тағдыры жатыр. Ойымызды кинотанушы, өнертану кандидаты Нәзира Рахманқызының мына бірі пікірі қуаттайты: «Қазір кітап оқудан гөрі, экранмен тәрбиеленіп жатқан тұтас бір үрпақ өсіп келеді. Міне, осы тұста кино тұсіремін дейтін әрбір адам тек бүгінгі күн үшін емес, болашақ үшін де жауапты екенін сезінуі керек деп ойлаймын. Өйткені кинодағы тіл мәселесі үлттық идеологиямызбен де тығыз байланысты. Тілі жоғалған үлттың болашағы қандай болатыны айтпаса да түсінікті ғой. Қазір біздің көрермен көбіне экранға

жің шығып жүрген коммерциялық фильмдермен етene таныс. Өкінішке қарай, бұғінгі қазақ киносын сол фильмдер арқылы қабылдайды. Оның үстіне соңғы жылдары интернет кеңістігінде екі сөзінің бірі боқтықтан тұратын қазақстандық веб-сериалдары көбейіп кетті. Және қорқыныштысы – бұл үрдіс қалыпты жағдайға айналып барады. Бұған дәл қазір мән бермесек, болашақта шешілуі қиын үлкен мәселеге айналып кетуі әбден мүмкін. Ал енді мемлекет қаражатына түсірілетін фильмдер бұл жағынан мүмкіндігінше қадағаланады. Жобаларды іріктейтін арнайы сараптау алқасы бар, сол комиссия жаңағыдай былапты сөздердің экранға шықпауына аса назар аударады. Эрине, солай болуға тиіс те», дейді кино сыншы.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бекжан Тұрыстың да пікірі осы оймен тоқайласты. Актер айтады: «Қазір батысшыл болып алдық. Бізде бәрі қойыртпақ. Қазақша, орысша сөздер, онымен қоса боқтық сөздер ақтарылып, жан дүниенде жалаңаштандырып жіберетін тіркестер көп. Отбасыңмен отырып кино көре алмайсың. Ең өкініштісі – сол киноларда сенің әріптесіңің жүргені. Мен осындағы нәрсемен күресіп жүрсем, менің әріптестерім сол жерде жүреді. Бұл да бір жанбағыстың көрінісі шығар. Өнер деген – халықтың ар-ожданының көркемдік бейнесі. Бұрын өнердің салмағы ар-ұятпен өлшенетін. Қазір ардан аттап кетіп жатырмыз. Жаңағыдай арзан дүниелерге ақша үшін барады. Бәлкім, танылу үшін баратын шығар. Мен үйтіп танымал болмай-ақ қояйын», – деп қазақ киносын ашына сынады.

Иә, соңғы кезде түсіріліп жатқан фильмдердің қай-қайсысын алып қарасаң да шұбар тілмен шеберлігін ұштаған актерлер, боғауыз сөзді бейнелілік деп білген режиссерлер қатарында шек жоқ. Қазір киноның тілі өмірдің тілі болып бара жатқандығы жалған емес. Аузызекі тілге салып сценарий жазатындардың, оны фильм етіп түсіретіндердің де бар мақсаты өнер тудырудан бұрын, ақша табуға телінген. Әйтпесе, мемлекеттік тапсырыс негізінде фильм түсіретіндерге «Темекі шегуге, боқауыз айтуға және арақ ішуге болмайды» деген сияқты бірқатар шектеу бар. Бірақ біздегі бұғінгі кино түсірушілердің көпшілігі жеке өз қаражатын жұмсайтындықтан, «қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса» деп кесіп айта да алады. Және олар түсірген фильмдер, өкінішке қарай, кассалық табыстың көшін бастап тұр. Мәселен, «Келінжан» сериялындағы Айсара рөлі арқылы танылған актриса Даріға Бадықованың продюсерлігмен түсіріліген «Таптым-ау сені...» комедиясы билет сату жағынан сенсация жасады. Тіпті аталған фильмнің кассалық түсімі голливудтық «Аватар: Су жолы» картинасын басып озған. Ticketon билет сату жүйесінің ақпаратына сүйенсек, бұл фильм өткен жылы 1,54 млрд теңге жинаған. Ал голливудтық фильмнің табысы 1,17 млрд теңгеге жеткен. Сөйтіп, «Таптым-ау сені...» осыған дейін отандық комедиялық фильмдер ішінде 1,3 млрд теңге табыспен көштің алдын бермей келген Нұрлан Қоянбаевтың «Қазақша бизнесін» шаң қаптырды.

Десе де прокатқа шыққаннан-ақ көрерменін кинотеатрға ағылтқан фильмнің көркемдік деңгейін де дәл солай айта алмайтынымыз

өкінішті. Өйткені кейіпкерлерінің аузынан тәгіліп жатқан бейәдеп сөздер құлақ тұндыратын фильмді соңынан дейін тамашалап отырудың өзі мүң. Бірақ соған қарамастан кассада билет қалдырмай, кинотеатрды лық толтырған көрерменнің қарасы қалың. Бейәдеп сөзді де, «КВН»-нің деңгейіндегі қарабайыр қалжыңды да, бейберекет сюжетті де еш талғам, қыындықсыз қылғытып отырған сол баяғы қарапайым көрермен. Нәпір халықпен бірге кинотеатр төрінен табылған режиссер Ермек Тұрсынов фильмнен шыққаннан кейін-ақ «елді үйытқан» комедияны катастрофаға теңеп, эмоциясын жасырмады: «Кино саласы тұтас деградацияға ұшырап отыр. Мен оны тіпті диверсия деп атаймын. Мұның бәрі көз алдымында болып жатқан нәрсе. Жалқауланбай, мотоциклге мінген әйел туралы әнеубір «Таптым-ау сені...» деген киноға барып қайттым. Бұл – катастрофа! Ал залдар лық толы. Ұлттымыздың уланғаны соншалықты, олардың бәрі киноны тапжылмай көріп шықты. Көріп отырғандардың бәрі бақытты. Орнынан тұрып, «Ау, халайық, сендерді алдап соғып жатыр, мына киноның бәрі өтірік, неменеге көріп отырсыздар?» дегім келді. Өкінішке қарай, қайдағы бір актерлер мен режиссерлер қаптап кетті. Экран быт-шыт. Сондықтан киноға цензура енгізу керек, деп шыр-пыр болды.

Режиссер алаңы орынды. Шынымен-ақ, өнерді ақша табудың құралы көріп, талғамды-талғамсыз фильм түсірушілердің қатары көбейіп кетті. Кассалық табыс өнердің өлшеміне айналғандай. Сондықтан болса керек, «Таптым-ау сені...» комедиясын түсірген Дариға Бадықова қазір «Тастаймын-ау сені...» деген жаңа фильмінің түсіріліміне кіріспіп кетті. Көрдіңіз бе, «Таптым-ау сенінің» табысына дандайсыған Дариға енді фильмнің атауына дейін қарабайырлыққа ұрынды, «Тастаймын-ау сені...» деп мәз. Ал оның деңгейін болжамай-ақ, атауының өзінен-ақ көп нәрсе аңағруға болатындей. Хайп қуып, ұлт өнерін орға жығып беріп жатқан мұндай психология әлбетте алысқа апармасы анық. Мұның себебін кинотанушы Dana Әмірбекова былай деп тарқатады: «Бұғінде экранға жол тартқан фильмдердің басым көвшілігін әуесқой режиссерлер жарыққа шығарып жатыр. Олар киноиндустрияға КВН-нан, әзіл-ысқақ театрларынан, актерлікten, әншіліктен келген шоу-бизнес пен той-бизнес өкілдері. Фильм түсіргіштер кино өнерінің табиғатын, тілін түсінбейтін, оның ерекшеліктерін әлі де толыққанды меңгермеген «мамандар». Сенімділіктері сондай, өз фильмдеріне өздері сценарий жазады. Ал киноның әліппесін үйренбеген, жанр ерекшеліктерін түсінбейтін, табиғатын білмейтін адам концептіден дайын сценарийге дейінгі сатыларын өзі түсінбей жатып, көрерменге қандай ой айтуы мүмкін? Қазақ киносының тілінің шұбарлануы, боқтық, былапыт сөздердің қолданылуы біздің киногерлеріміздің мәдениеті мен интеллектуалдық деңгейінен хабар береді. Salem social media-ның өзі не болса соны көрсететін болды» десе, киноактер Нышанбек Жұбанаев: «Бұғінгі фильм түсіруді киноға қатысы жоқ адамдар ойыншық қылып алған сияқты. Ақшасы бардың бәрі осы салаға араласатын болды. Кино саудаға айналып кеткендей. Ал талант пен талғам, білім мен тәжірибе

мәселесі соңғы орында. Десе де бүгінгі кино түсіргіш адамдар құр жалаңбыт амбицияман алысқа кетіп қалуға болмайтынын да ескеруі керек деп есептеймін. Ол өнерді өшірмесе, өсірмейді» деп кесіп айтты. Иә, біздіңше де өнердің басты миссиясы өре болуы керектей болады да тұрады. Себебі қәсібілік бар жерде көркемдік, өре бар жерде өнер туады. Өнер әрқашан өмірден сәл де болсын биік болуға тиіс. Ал бізде керісінше, «өнер – өмірдің айнасы» деген қанатты сөзді негіз етіп, қаралайлыққа ұрынатындар көп. Соның салдарынан қазіргі қазақ киносының отбасы, ошақ қасынан ары аса алмай отырғаны да шындық. Тақырыбына сай тілі де қарадүрсін. Сондықтан да өнер десек, ең әуелі өремізді, талғам десек тілімізге мән бергеніміз ләзім. Себебі экран елді, кино тұтас ұлтты тәрбиелейді.

Иә, кино – қоғам айнасы. Ал сіз айнаға қарадыңыз ба? Нені көрдіңіз?

Назерке ЖҰМАБАЙ